

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медициналық Университеті

- Тақырыбы: Суицид, қауіп факторы және науқастарға жүргізу
- Дайындаған: Зинопла Г.Б
 - Тобы: 616, жтд
 - Тексерген:

Тіршіліктегі басты құндылық – адамның өмірі екені белгілі. Бір күннің ішінде сан мыңдаған адам өмірге келіп жатса, сол секілді сан мыңдаған адам бақилық болады. Оның ішінде, талқаны таусылып Жаратушы қалауымен өмірден озатындарын айтпағанда, өз өміріне өздері балта шауып, ажалынан бұрын өмірімен қоштасатындары қаншама. Бүкіл әлемді алаңдатып отырған осынау мәселе соңғы жылдары өршіп келеді.



Суицид (қасақана өзін өзі өлтіру)



- «Суицид» латын тілінен алынған «Өзін-өзі өлтіру,өзіне қол салу» деген мағынаны білдіреді. Тағы бір синонимдік мағынасы адамның өзіне-өзінің қиянат жасап, өз өмірін қиюы .

Суицидке алып келетін себеп салдары:

- Бірі – заманның өзгеруі десе, екіншілері – әлеуметтік жағдайдың қиындығынан, не болмаса денсаулықтың салдарынан деп таниды. Ал кейбіреулер тұқым қуалаушылық жолымен келеді дейді.

- өзіне-өзі қол салу мінез-құлқы және сыртқы жоспарда көрініс табады. аяқталған суицидті біріктіреді. Өзіне қол салу әрекетідегеніміз – саналы түрде өз өмірін қандай да бір жолдармен қиюға бағытталған, бірақ соңы өліммен аяқталмаған іс-әрекет..Өз өмірін қиюға немесе басқа мақсатқа бағытталған әрекет қайтымды немесеқайтымсыз болуы мүмкін. Аяқталған суицид деп- өлімге әкеліп соққан әрекетті айтамыз. Өзіне қол салу көріністері арқылы өзіне суицидтік ойларды, түсініктерді, көрністерді, күйзелістерді, сондай-ақ суицидтік тенденцияны, олардың арасынан түпкі ой мен ниетті айқындауға болады.

- Суицидалдық ниет- түпкі ойға ерік компоненті қосылған кезде шығады, яғни, шешім сыртқы мінез-құлық әрекетіне көшуге дайын болу кезеңі.

Суицид түрлері

- Өзіне -өзі қол салу негізгі 3 топқа бөлінеді: шынайы, демонстративтік және жасырын.

Шынайы суицид

- Шынайы суицид (шындығында да өзін-өзі өлтіргісі келетін адам) –Қашанда жабырқау дағдарыстық жағдай немесе өмірден бас кешу жайлы ой, өмір сүрудің мәні жайлы ойланып күйзелу жатады.

Жариялы суицид

- Демонстративтік суицид – өлуге деген ниетпен байланысты емес, қайта өз проблемасына назар аудатудың әдіс-құралы болады, көмекке шақырады немесе
- жариялы суицид. Әдетте, мұндай жолды таңдағандар өлместен бұрын өлгісі келетіндігіне өзгелердің назарын барынша аударуға бейім тұрады. Мәселен, біреумен ренжіссе болғаны қолына суық қару немесе арқан-жіп ала жүгіріп, «өлем» деп өзгелерді үрейлендіргісі келетіндер осы топқа жатады.

Жасырын суицид

- жасырын, яғни құпия суицид. Бұған барғандар өзіне-өзі қол жұмсаудың жақсы еместігін, абырой әпермейтінін жақсы түсінеді. Алайда оларға тірлікте кездескен қиындықтан шығатын жол жоқ болып көрінеді. Бұған көпшілігінде нашақорлар мен ішімдікке салынып кеткендер дайын тұрады. Бұларға автомобиль жүргізудің қауіпті түрі, спорттың эстремальдық қауіпті түрлерімен айналысуы, ерікті есірткілерді пайдаланумен, ішімдікті қолданумен, сондай-ақ өзін-өзі оқшаулау жатады.

- А.Г.Амбрумова өз ойын былай білдіреді
«Өзін-өзі өлтіру шынайы суицид, сондай-ақ өзін-өзі өлтіруге әрекет аяқталмаған суицид»

- Ал А.Е.Личконың пікірі бойынша суицидалдық мінез-құлық жасөспірімде демонстративті, аффекті және шынайы болып келеді.

- мінез-құлық әрекеттеріне байланысты: Біріншіден, ол демонстративтік-байбаламдық мінез-құлқын бөлектеді, екіншіден, оның пікірі бойынша өзін-өзі зақымдау мен қандай да бір дене мүшесіне жарақат салу, зақымдаумен шектеледі. Үшіншіден, мұндай мінез-құлықтар айналып келегенде бақытсыз жағдайдың құрбаны болуға әкеліп соғады.

